Кітапханалар қызметі - заманауи үлгіде

Қазіргі кезде кітапханалар жұмысында жаңа бастамалар (міндеттер) орнығуда. Кітапханалардың мақсаттары мен мүмкіншіліктері жайлы көзқарастар, мәдени, ғылыми, ағартушылық және ақпараттық инфроқұрылымдары айтарлықтай өзгеріп келеді. Коммуникациялық алаңдар, жергілікті қоғамдастықтардың даму орталықтары ретінде кітапханалардың рөлі ерекше орын алуда.

Суреттер ғаламтордан алынды.

Павлодар облысы кітапханаларының ерекшелігі - аймақ кітапханаларының заманауи 5 функционалды коммуникациялар орталықтарына айналу процесіне өту кезеңін бастан кешуде. Атап айтқанда, олар: кітапханалық қызмет көрсету; мемлекеттік қызметтерді алуда көмек көрсету; ауыл округтары ардагерлері кеңесін жұмыс алаңдарымен қамтамасыз ету; жергілікті атқарушы органдарды диалог алаңымен қамтамасыз ету; коворкинг-орталық қызметтерін көрсету бойынша заманға сай жаңғыруда. Шын мәнінде Павлодар облысы кітапханалары осындай жаңашылдықтың көш бастаушысы деп айтуымызға болады.

2003 жылы Павлодар қаласы Қазақстанның кітапханалық астанасы болды. Дәл сол жылы біздің аймақта алғаш рет Қазақстанда Шарбақты ауданының Орловка ауыл кітапханасы модельді кітапхана болып ашылған болатын. 2004 жылы Успен орталық кітапханалар жүйесіне қарасты Галицкое ауылдық модельді кітапханасы жабдықталды. Бұл кітапхана бір жылдан соң республикалық сайыста бірінші орынға ие болып, «Ең үздік ауылдық кітапхана» атанды.

2018 жыл осы бағыттағы жұмыстардың кезекті жаңа кезеңінің басталуына сәйкес келді. Бұл жыл кітапханалық қоғам үшін айтарлықтай ерекше жыл болды. Павлодар өңіріне ресми сапар шеңберінде аймақтың бас кітапханасы - С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханаға Елбасы Н.Назарбаев келді. Мемлекет басшысына «Е-кітап - Павлодар облысының біріккен онлайн-кітапханасы» ерекше жоба тұсаукесері көрсетілді және облыс бойынша 25 коворкинг-орталықтары ашылды. Осының нәтижесінде олардың материалдық-техникалық базасы, технологиялық және ақпараттық қамтамасыз ету сапасы жақсарды.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 38 Коммуникациялар орталықтары қызмет көрсетуде. Орталықтарда кездесулер, тұсаукесерлер, оқытатын тренингтер, семинарлар өткізу үшін барлық жағдай жасалған.

Жастар демалатын, жұмыс істейтін жоғары жылдамдық интернет пен Wi-Fi жүйесіне қосылу мүмкіндігі ұсынылатын аймақ та жасақталған. Азаматтарға электрондық цифрлық портал (ЭЦП) арқылы ауыл кітапханасында компьютер, интернет арқылы қызмет көрсетіледі.

Интернет-кітапханада оқырмандарға ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беру ақпараттық кеңестігін кеңейтуде, сонымен қатар, орталықтар планшеттермен, үстел, дамытатын ойындарымен жабдықталған.

Ауыл кітапханаларын Коммуникациялар орталықтарына қайта форматтаудың мақсаты жергілікті қоғамдастықтың орталығы болып келетін жаңа технологиялар негізінде модернизацияланған, жаңа саяси және экономикалық жағдайға бейімделген, уақыт талабына сай коммуникациялық орталықтарды құру болып келеді. Кітапханалардың серіктестері - әлеуметтік инфрақұрылымдар, үкімет құрылымдары, кәсіпкерлік сектор және т.б. болып келеді.

Ауыл кітапханаларын Коммуникациялар орталықтарына қайта форматтаудың көшбасшысы - Ақсу қаласының ауылдық аймағы. Мұнда ауылды жерде 9 кітапхана, 1 кітапхана Ақсу қаласының шағын ауданында, барлығы 5 негізгі фунцияларды орындайтын орталықтар жұмыс істейді. Олардың ашылуына жергілікті бюджеттен ақша бөлініп, сонымен қатар демеушілік көмек көрсетілді. «Алина» және «Виктория» шаруа қожалықтары Евгеньевка ауыл кітапханасының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қаражат бөлді. Кітапханада ыңғайлы жағдай жасау жаңа пайдаланушылардың келуіне ықпал етеді.

2018 жылдың сәуір айынан бастап Аққулы ауданы Черное селосының кітапханасы мүлде басқа форматта жұмыс істей бастады. Ауыл тұрғындары: «Біз бұндайды көреміз деп ойламадық. Келсек бұнда бәрі басқаша. Есімізде, жас кезімізде біреудің үйінде жиналатынбыз, онда домино және лото ойнайтынбыз. Енді, міне «Орталыққа» келіп, кітап оқып, әңгімелесіп, мәселелерді осында шешуге болады, жақсы ойлап табылған», - деп қуана өз пікірлерімен бөлісті. Модернизацияның арқасында ауыл тұрғындары интернетпен жұмыс істеп, сол жерде кофе ішіп, демалуға мүмкіншілік алды.

Балалар кітапханалары коворкинг-орталықтарына келушілердің көбі нашар тұратын отбасылар, әлеуметтік қорғалмаған, көпбалалы отбасылар балалары болды. Оларға кітап оқу мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар үстел ойындарын ойнауға, сурет салуға, сабақтарға дайындалуға жағдай жасалған. Wi-Fi арқылы ақысыз жоғары жылдамдықтағы интернетті пайдаланып, керекті ақпараттарды шығарып, сканерлей алады.

Орталықтарда әр бағыттағы үйірмелер ұйымдастырылған: қазақ, ағылшын тілдерін, латын графикасын үйрену, шахмат үйірмесі, тоқу, бисер тоқу, макроме және т.б. Пайдаланушылар отбасыларымен келіп, өздеріне ұнайтын кәсіппен шұғылданады.

Аққулы аудандық орталық кітапхананың балалар бөлімінде «Коворкинг бэби» орталығы жұмыс жасай бастады. Бұл жер балалар шығармашылығы, балбөбектер мен жасөспірімдердің интеллектуалды мүмкіншіліктерін дамытып қана қоймай, сонымен қатар, ата-аналар балаларын ойын ойнауға, ертегілер тыңдауға, мультфильмдер көруге әкеледі.

Ақтоғай ауданында 3 коммуникациялар орталықтары жұмыс істейді. Басында бұларда коворкинг ретінде ашылған болатын, кейін осындай орталықтарға қайта формотталды: алғашқы орталық 2018 жылы Қожамжар ауыл кітапханасы базасында ашылды, ал 2019 жылы Әуелбек ауыл кітапханасы базасында, 2020 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығы аясында өз есігін Ақжол ауыл кітапханасы ашты.

Аудан басшылығы қызметінде тағы үш ауыл кітапханасын 2025 жылға дейін Коммуникациялар орталықтарына қайта форматтау жоспары бар. 2023 жылы аудандық орталық кітапханада, 2024 жылы Мұткенов ауылдық кітапханасында, 2025 ж. Қараоба ауылдық кітапханасында осыған байланысты жұмыстар атқарылады деп жоспарланған.

Павлодар ауданы Розовка ауылдық кітапханасында орталықтың ашылуына «Пархоменко» ЖК, «Строй сервис» ЖК, «Сенькевич» ЖШС көмек көрсетті. Қайта жабдықтауда Павлодар қ. кітапханаларына «NFS Kazakhstan» ЖШС үлкен қаржылық қолдау жасады. Барлығы, кітапханаларды қайта форматтау жұмысына қалалар мен аудандар бюджетінен 49455,6 теңге жұмсалды. Демеушілік көмек сомасы 9681,5 теңгені құрады.

Республиканың арнайы кітапханаларының ішінде алғашқылардың бірі болып коворкинг-орталығын Павлодар облысының арнайы кітапханасы ашты. Бұл келушілердің көп мәселесін шешуге мүмкіндік туғызды: байланыста болу, бірлесіп жұмыс жасау, шешімдер қабылдау, бос уақытты ұйымдастыру. Бұндай орталықтардың пайдасы - ол кітапханаға жаңа келушілерді тарту, келу санын көбейту, сонымен қатар, кітапхана жұмысында қазіргі заманауи формаларды пайдалану.

Бүгінгі таңда С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана әдіскерлерімен ауыл кітапханасының модельді стандарты, ауылдық кітапханалар-коммуникациялық Орталықтарды жабдықтаудың минималды стандарты бойынша ұсыныстары, 2021 - 2023 жылдарға арналған Павлодар облысы ауыл кітапханаларын Коммуникациялық орталықтарға қайта форматтаудың Жол картасы, сонымен қатар, үш жылға арналған облыс кітапханаларының даму концепциясы жасалды.

Осындай орталықтарды ұйымдастыру үшін келесі нормативтерді ескеру керек деп санаймыз:

- тұрғындар саны 500 адамнан кем болмау керек;
- ауылдық жерде орта білім беру мекемесі болу керек;
- «аудандық орталық - ауылдық елді мекен» тізбесінде дамыған транспорттық коммуникация жүйесінің болуы;
- телефон нөмірі, жоғары жылдамдықтағы интернет жүйесіне қатынау, ақысыз Wi-Fi қызметінің болуы;
- базалық кітапханалық немесе *гуманитарлық білімі бар маманның болуы;*
- *30% кітапхана жұмыс уақыты ауыл тұрғындарының жұмыс уақытымен сәйкес келмеу керек.*

Біз дәл ауылды жерде орналасқан кітапханалардың ресурстық потенциалын анықтау үшін анализ (талдау) жасадық. Талдау барысында облыс бойынша 500 адамнан аса тұрғыны, ауылдық кітапханасы бар 80 ауылдық мекен анықталды. Бірақ, салыстырмалы түрде тұрғынының көп болғанымен, кітапхана көлемі кішірек болуына байланысты оларды қайта форматтауға келмейді. Алаңдары жеткілікті үлкен ауыл кітапханалары бар, және тұрғындардың саны 500 адамнан асатын болса, сол кітапханалар ғана коммуникациялар орталықтарына қайта форматтауға болады.

Осы орайда көп кітапханалар даму кезеңінің жаңа сатысында тұр. Жұмысқа жаңа ақпараттық технологияларды енгізілу процесі пайдаланушыларға қызмет көрсетуі түбегейлі өзгеруде.

Кітапханалар ақпаратқа ашық қатынауға байланысты ауқымды бастамалар инициативасын іске асырып, тұрғындарға қызмет көрсетудің жаңа түрлерін ұсынуда: кітап жәрмеңкесі, оқу фестивальдері, кітап мерекелері, инфо-марафондар, буккросингтер, флэшмобтар, жастарды оқуға тартатын оқу акциялары.

Павлодар облысы кітапханалары 2020 жылы оқырмандар үшін 12 мыңға жуық іс-шаралар өткізді. Кітапханалар сайтында Web-беттер жасалған, оқу орталықтары ашылған.

Қорыта келгенде, Павлодар облысы кітапханалары - мәдени ортаны жасауда, Қазақстанда саясат пен әлеуметтік жүйенің, экономиканың тұрақты даму прогресінің негізгі факторы болып келетін қоғамның ақпараттық ресурстарын қалыптасуына үлес қосуда.

Айнагүл ЖЫЛҚЫБЕКОВА,
С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапхананың кітапханаларды дамыту бөлімінің басшысы, Кітапханалық - ақпараттық ресурстар магистрі,
Майя ИСАКАЕВА,
С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың кітапханаларды дамыту бөлімінің әдіскері.